

Стратегиялық мәні бар маңызды тауарларды сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 ақпандағы N 140 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының әуежайы ауданында аэронавигациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мұқтаждары үшін Алматы қаласы, Майлин көшесі, 38 үй, N А мекен-жайы бойынша орналасқан ғимаратты-стратегиялық мәні бар маңызды тауарды беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі